

САТЫП АЛУ-САТУ ШАРТЫ № _____

_____ қ.

« _____ » _____ 20__ ж.

Бұдан әрі «Сатып алушы» деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және бұдан әрі «Сатушы» деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ келесі тараптан, өзара бірігіп «Тараптар», ал жеке алғанда «Тарап» деп аталып, төмендегілер туралы осы Шартты жасасты:

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Сатушы Сатып алушыға Тауарды Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы Шартқа №1 Спецификацияда көрсетілген мөлшерде және ассортиментте сатуға міндеттенеді. Сатып алушы осы Шарттың талаптары бойынша тауарды төлеуге және қабылдауға міндеттенеді.

1.2. Сатып алушы Сатушыға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша Тауарды сатып алуға қажетті барлық рұқсат құжаттамасының бар екеніне кепілдік береді, әйтпесе Сатып алушы Сатушыға осымен келтірілген барлық шығындарды өтеуге міндетті.

1.3. Сатушы конкурс, аукцион өткізу, мәміле жасау сәтінде Тауарды Сатып алушыға құжаттамаға (фото, акт, сертификат, ГОСТ, ТШ және т.б.) сәйкес жай-күйінде береді. Бұл ретте Сатып алушы Шарт жасасу арқылы Сатушыдан Тауардың сапасына, пайдалану мерзіміне қатысты қандай да бір кепілдіктерді, сол сияқты Сатушы тарабынан Тауардың сапасына қатысты кез келген басқа да міндеттемелерді талап етпей, осы талаптармен Тауарды сатып алуға келісетінін мойындайды.

2. ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

2.1. Тауарды жеткізу EXW «Сатушының франко-қоймасы» (өздігінен алып кету) өздігінен алып кету талабымен Incoterms 2010ж. редакциясында, Сатушының қоймасынан:

(қойма, алаң атауы)

Сатып алушының есебінен және тәуекелімен жүзеге асырылады.

2.2. Сатып алушы бөлшектеу жұмыстарын талап ететін Тауарлар үшін аванстық төлем жүзеге асырылған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде және/немесе 50 (елу) күнтізбелік күн ішінде Тауарды Сатушының аумағынан толық көлемде әкетуге міндеттенеді.

2.3. Тауарға меншік құқығы, сондай-ақ Тауардың жоғалу, бүліну тәуекелдері Тауарды Сатушының қоймасында сапасы мен саны бойынша қабылдаған сәттен бастап Сатушыдан Сатып алушыға ауысады. Тауарды тиеу және тасымалдау шығындарын Сатып алушы көтереді.

3. ЕСЕПТЕУ НЫСАНЫ, ТАУАР БАҒАСЫ, ШАРТ СОМАСЫ

3.1. Тауардың бағасы осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын №1 Спецификацияда көрсетілген талаптармен қабылданады.

3.2. Осы Шарттың сомасы №1 Спецификацияға сәйкес айқындалады және ҚҚС есебінсіз _____ құрайды. ҚҚС Қазақстан Республикасының қолданыстағы салық заңнамасының ставкасы бойынша ұсынылады.

3.3. Осы Шарт бойынша жеткізілетін Тауар үшін есеп айырысуды Сатып алушы №1 Спецификацияға қол қойылған сәттен бастап 10 күнтізбелік күн ішінде әкелілетін Тауар санының 100% алдын-ала төлем тәртібімен осы Шартта көрсетілген Сатушының банктік шотына/кассасына теңгемен қолма-қол емес/қолма-қол төлеммен жүзеге асырады. Төлем осы Шарт негізінде №1 Спецификацияға сәйкес жүргізіледі.

3.4. Тауарды сыртқа жіберуге арналған жүкқұжатқа қол қойылған күн (ТМҚ үшін)/ қабылдау-беру актісі (НҚ үшін) Тауарды беру күні болып табылады.

3.5. Төлем күні Сатушының есеп айырысу шотына/кассасына ақша қаражатын аудару күні болып саналады.

3.6. Шарт пен төлем валютасы-теңге.

3.7. Шот-фактура ҚР Салық заңнамасының талаптарына сәйкес болуы тиіс. Шот-фактурада Шарттың нөміріне сілтеме, осы Шартта көзделген банк деректемелері болуы тиіс. Шот-фактураларды ресімдеу кезінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікте көрсетілген Тараптардың толық атауын көрсету керек.

3.8. Алдын ала төлем жасалғаннан кейін Тауардың бағасы белгіленген болып табылады және оны өзгертуге болмайды.

3.9. Сатушы Сатып алушыға келесі ілеспе құжаттарды ұсынуға міндетті:

а) Тауарды сыртқа жіберуге арналған жүкқұжат (ТМҚ үшін) / қабылдау-беру актісі (НҚ үшін) - 1 түпнұсқа дана, жөнелтілген күні, бірақ Тауарды жеткізу күнінен кешіктірмей;

б) ҚҚС ставкасы көрсетілген Тауардың жеткізілген санына шот-фактура – 15 жұмыс күні ішінде сұрау салу бойынша қағаз жеткізгіштегі 1 түпнұсқа дана. Егер Сатып алушы ЭШФ АЖ-да тіркелсе, ол <https://esf.gov.kz/> сайтында орналастырылған шот-фактураны өз бетінше басып шығарады.

3.10. Осы Шарт бойынша есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде Сатушының банкінің барлық банктік шығыстарын Сатушы көтереді, Сатып алушының барлық банктік шығыстарын Сатып алушы көтереді.

3.11. Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес Сатып алушы Сатушыға аумағына Тауарлар импортталған мүше мемлекеттің салық органының белгісі бар нысан бойынша жасалған Тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы, Тауар жөнелтілгеннен кейінгі 60 күн ішінде жанама салықтарды төлеу туралы өтініш беруге міндетті

Жоғарыда көрсетілген өтініш ұсынылмаған жағдайда, Сатып алушы Сатушыға расталмаған экспорт бойынша төленген ҚҚС сомасын (12% Ставка бойынша) өтейді.

4. ЖЕТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1. Тауарды саны бойынша қабылдау Сатушының қоймаларында _____ жүргізіледі.

4.2. Тауарларды сапа бойынша қабылдау Сатушының қоймасында жүргізілуі керек. Сатып алушы Тауарды сапасы бойынша қабылдауға қатысу үшін Сатушы өкілін тартуға құқылы.

4.3. Тауар сыртқа Тауарды жіберуге арналған жүкқұжатқа (ТМҚ үшін)/ екі Тараптың өкілдері қол қоятын қабылдау-беру актісіне (НҚ үшін) сәйкес қабылданған болып есептеледі.

4.4. Сатып алушы осы Шарт бойынша Тауарды қабылдаған сәттен бастап Сатушы Тауардың сапасына, санына, бүлінуіне, ұрлануына және осы Шарттың талаптарында айтылмаған өзге де талаптарға жауап бермейді.

4.5. Сатып алушы Тауарды әкету күнін, уақытын және орнын Сатушымен Тауарды алуға келетін болжамды күніне дейінгі 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша келісуі тиіс. Бұл ретте, Сатып алушы уәкілетті тұлғалардың деректерін, көлік құралдарының мемлекеттік нөмірін, сатып алушы тарабының өкілдерінің Т.А.Ә. жазбаша хабарлауы тиіс.

5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

5.1 Осы Шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2 Сатушы Сатып алушыдан келтірілген залалдың орнын толтыруды талап етуге құқылы.

5.3 Сатып алушы осы Шарттың 2.2 және 3.3-тармақтарын орындамаған жағдайда, Сатушы Шарт сомасының 5% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын шығаруға құқылы.

6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

6.1. Осы Шарт бойынша Тараптардың қатынастарына Қазақстан Республикасының материалдық құқығы қолданылады.

6.2. Осы Шарттан немесе оған байланысты туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер мүмкіндігінше Тараптар арасындағы келіссөздер жолымен шешілетін болады.

6.3. Егер даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер жолымен шешілмесе, олар Сатушының тіркелген жері бойынша ҚР қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес сотта шешілуі тиіс.

7. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ ЖАҒДАЙЛАРЫ

7.1. Егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының туындау салдары болып табылса, Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Аталған мән-жайлар бойынша Тараптар соғыстар, төңкерістер және өзге де әскери қақтығыстар, төтенше ауа райы жағдайлары, өрттер, жер сілкіністері, табиғи апаттар, мемлекеттік билік органдарының міндеттемелерді орындауға тікелей кедергі келтіретін іс-әрекеттері түсініледі.

7.2. Міндеттемелерді орындауға кедергі келтіретін еңсерілмейтін күш мән-жайларының сипаты, қолданылуының басталуы және тоқтатылуы туралы Тарап екінші Тарапты олар басталған

және/немесе тоқтатылған күннен бастап 5 күн ішінде хабардар етуі тиіс. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталғаны туралы хабарламау немесе уақтылы хабарламау Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкіндігінен айыратын мән-жайлар сияқты мән-жайлардың басталуына сілтеме жасауға құқық бермейді.

7.3. Уәкілетті ұйым беретін құжат жоғарыда көрсетілген мән-жайлардың бар екендігінің және олардың ұзақтығының дәлелі болып табылады.

7.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайларда Тараптың осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осы мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа сәйкес кейінге қалдырылады. Егер еңсерілмейтін күштің туындаған мән-жайлары және олардың салдары алты айдан астам әрекет етсе, онда Тараптар Шарттың заңды тағдыры туралы мәселені шешуге міндетті.

8. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

8.1. Шарт оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді. Сатып алушы міндетті түрде Шартқа қол қойылған күнді көрсетеді. Сатушының Шартқа қол қойған күні осы Шарттың барлық талаптары күшіне енген күн болып табылады. Шарттың қолданылу мерзімі Шартқа қол қойылған күнге және осы Шарттың 2.2, 3.3-тармақтарының талаптарына сәйкес есептеледі. Есеп айырысулар мен шағымдар бөлігінде Тараптар осы Шарт бойынша өзіне қабылдаған барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

9. БАСҚА ДА ЕРЕЖЕЛЕР

9.1. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімсіз осы Шарт бойынша өз құқықтары мен міндеттерін толық немесе ішінара үшінші тұлғаларға беруге құқылы емес.

9.2. Сатып алушы Тауарды сатып алуға арналған аукционға іскерлік этика, адал бәсекелестік талаптарын және бәсекелестік рәсімдерді (аукциондық сауда-саттықты) өткізу регламентінің ережелерін сақтай отырып, адал ниетпен қатысқанына кепілдік береді.

9.3. Сатып алушы осы Шарттың 9.2-тармағында көзделген кепілдіктерді және бәсекелестік рәсімдерді жүргізу регламентінің ережелерін бұзған жағдайда, Сатушы құқылы:

а) Шартты бұзғанға дейінгі 5 күн күнтізбелік бұрын Сатып алушыны алдын ала хабардар ете отырып, Шарттан біржақты тәртіппен бас тартуға;

б) Сатып алушыдан Сатып алушының Шарт бойынша алған барлық қаражатын қайтаруын, көрсетілген кепілдіктер мен бәсекелестік рәсімдерді жүргізу регламентінің ережелерін бұзу нәтижесінде келтірілген мүлкілік зиянды, залалды, жоғалған пайданы өтеуін талап етуге.

9.4. Осы Шартқа қол қойылған сәттен бастап осы Шарттың мәні болып табылатын мәселелер бойынша Тараптар арасындағы барлық алдыңғы хат-хабарлар, құжаттар мен келіссөздер күшін жоғалтады.

9.5. Осы Шартқа жасалатын кез келген өзгерістер, егер олар жазбаша нысанда жасалған және оған Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда ғана жарамды болады.

9.6. Осы Шарт бірдей заңды күші бар екі түпнұсқа данада, бір данасы – Сатушы үшін, біреуі – Сатып алушы үшін жасалды.

9.7. Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа кепілдік береді:

а) осы Шартты жасасу және орындау оның корпоративтік өкілеттіктері шеңберінде болады және барлық қажетті корпоративтік шешімдермен тиісінше ресімделеді, қайшы келмейді және бұзбайды, оның құрылтай құжаттарына, сондай-ақ басқа да ішкі құжаттарға қайшы келмейді және оларды бұзбайтындығына;

б) Тарапқа қаншалықты белгілі болғандай, оған қарсы оның осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау қабілетіне елеулі әсер етуі мүмкін ешқандай сот талқылауы жүргізіліп жатпағанына;

в) Тараптардың ешқайсысы оның осы Шарт бойынша қандай да бір міндеттемелерді орындау қабілетіне әсер етуі мүмкін қандай да бір келісім, шарт немесе келісімшарт бойынша өз міндеттемелерін бұзбайтындығына.

9.8. Сатып алушы Шарт жасалғанға дейін берілген маңызды қатысушылардың немесе акционерлердің (жарғылық капиталға қатысу үлестерін не бизнесті иеленудің бүкіл тізбегі бойынша 10 (он) және одан да көп пайыз мөлшеріндегі акцияларды иеленетін) және бенефициарлық меншік иелерінің (түпкі нәтижесінде Сатып алушы иеленетін немесе бақылайтын жеке тұлғалардың) құрамы туралы мәліметтердің анықтығы мен өзектілігіне кепілдік береді.

Қатысушылардың немесе акционерлердің және/немесе бенефициарлық меншік иелерінің құрамы өзгерген жағдайларда мердігер растайтын құжаттарды ұсына отырып, бұл туралы Сатып алушыны жазбаша нысанда дереу хабардар етуге міндеттенеді.

Акциялары мынадай қор биржаларының кез келгеніне айналатын жария компаниялардың бенефициарлық меншік иелері туралы ақпарат беру талап етілмейді: Лондон, Нью-Йорк, Париж, Франкфурт, Гонконг, Йоханнесбург, Торонто, Сидней, Токио, Веллингтон (Жаңа Зеландия), Сингапур, Сеул, Цюрих немесе Сатушыны бұл туралы хабардар еткен жағдайда Скандинавия елдерінің кез келгені.

Осы кепілдік бұзылған және/немесе өзгерістер туралы хабарлама бойынша міндет орындалмаған жағдайда Сатып алушы мұндай бұзушылық Сатушыны үшінші тұлғалар алдындағы жауапкершіліктен толығымен босататындығымен келіседі және Сатып алушы Сатып алушының көрсетілген міндеттемелерді орындамауына байланысты Сатушының шеккен барлық шығындары, шығыстары, зияндары, өзге де залалдары үшін жауапты болады.

9.9. Сатушы құқылы:

(а) Сатып алушы Шарттың 9.8-тармағында көрсетілген ақпарат пен құжаттарды ұсынбаған немесе дәйексіз ақпарат берген жағдайда Шарт жасасудан бас тартуға;

(б) Сатып алушыға бұзылатын күнге дейінгі кемінде 5 (бес) күнтізбелік күн бұрын жазбаша ескертіп Шартты жасасудан бас тарту немесе оны мерзімінен бұрын бұзуды талап етуге:

- Сатушыда Сатып алушы және / немесе оның маңызды қатысушылары / акционерлері және / немесе бенефициарлық меншік иелері алаяқтыққа, ақшаны жылыстатуға, терроризмді қаржыландыруға және басқа да қылмыстық әрекеттерге қатысады деп болжауға негіз болса:

- Сатушыда Сатып алушының және/немесе оның маңызды қатысушыларының/акционерлерінің және / немесе бенефициарлық меншік иелерінің саяси, экономикалық санкциялар, экспорт пен импортты бақылау шаралары қолданылған елдерде тіркелгені туралы мәліметтер болса;

(в) Сатып алушы осы Шарттың 9.8-тармағында көрсетілген талаптармен келіспеген жағдайда Шарт жасасудан бас тартуға.

Шартты жасасудан бас тарту немесе Шарттың 9.9-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес Сатушының бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзу Сатып алушыға Сатушының осындай бас тартудан немесе бұздан туындаған залалды өтеуін талап етуге құқық бермейді.

(г) бір лот бойынша аукционға қатысушылардың үлестестік немесе өзара байланыстылық белгілері анықталған жағдайда шарттық міндеттемелерді орындаудан бас тартуға.

(д) аукционға Сатып алушыдан немесе қатысушыдан үлестес, өзара байланысты немесе бөгде тұлғалардың аукционға қатысуы нәтижесінде келтірілген мүліктік зиянды, залалды, жоғалған пайданы өтеуді талап етуге.

9.10. Сатып алушы осы Шарттың 10-бөлімінде баяндалған сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптармен танысқанын растайды.

9.11. Сатып алушы осы Шарт жасалған күнге дейінгі үш жыл ішінде Сатушымен немесе/және Сатушымен үлестес тұлғалармен жасалған, Сатушымен бірге «Eurasian Resources Group s.a.r.l.» компаниясының бақылауында болатын шарттар бойынша міндеттемелердің, сондай-ақ Eurasian Resources Group s.a.r.l. компаниясының ішкі саясаттарында көзделген қағидаттар мен талаптар, оның ішінде ашық бизнесті жүргізу қағидаттары, іскерлік этика ережелері және іскерлік айналымның әдет-ғұрыптарының бұзылмауына кепілдік береді. Бұдан басқа, Сатушы Сатып алушының қағидаттары мен мүдделеріне қайшы келетін қызметке қатыспайтынына кепілдік береді.

Егер Сатып алушының осы тармақта көзделген кепілдіктері шындыққа сәйкес келмесе, Сатушы Шарт жасасудан бас тартуға немесе Шарттан бас тартуға құқылы.

9.12. Сатушы АҚШ үкіметі (i), АҚШ Қаржы министрлігінің шетелдік активтерді бақылау басқармасы (ii), БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесі (iii), Еуропалық Одақ (iv) және Мәртебелі Біріккен Корольдіктің Қазынашылығымен (v) анда-санда қабылданатын немесе енгізілетін ұйғарылған экономикалық немесе қаржылық санкцияларға немесе сауда эмбаргосына («Санкциялар») сәйкес келуі тиіс. Бұл Біріккен санкциялардың әсері Тапсырыс беруші Ауғанстан, Куба, Иран, Ливия, Солтүстік Корея, Сомали, Оңтүстік Судан, Судан, Сирия арқылы өтетін, өндірілетін немесе салынатын немесе тасымалданатын тауарларды немесе қызметтерді сатып алмайды және кез-келген жолмен санкцияларға ұшыраған тұлғамен байланыста болмайтындығында болып табылады. Сатушы Сатып алушыға осы Шарт бойынша Жұмыстарды орындау санкциялардың бұзылуына әкеп соқпайтынына және осы тармақта аталған елдермен байланысты болмайтындығына кепілдік береді және мәлімдейді. Осы міндеттеме бұзылған жағдайда Сатып алушы мұның Сатушыны жауапкершіліктен толық босататындығымен келіседі және Сатып алушы кепілдікті бұзуы

нәтижесінде Сатушы шеккен барлық құжатталған шығыстары, шығындары, залалдары, талаптары мен кез келген сипаттағы залалдары үшін Сатып алушы жауап береді.

9.13. Тараптар қолданыстағы заңнаманың талаптарын және Шарттың талаптарын сақтауға міндетті.

9.14. 2.2 және 3.3-тармақтар бұзылған кезде Сатушы Сатып алушыны кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын жазбаша хабардар еткен жағдайда осы Шартты біржақты тәртіппен біржақты тәртіппен бұзуға құқылы.

10. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР: СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

10.1 Сатып алушы Сатушының келесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттары туралы білетінін растайды:

(А) Сатушының кез келген қызметкері, жеткізушісі, кеңесшісі, серіктесі, агенті немесе делдалына Сатушының шаруашылық қызметін жүргізу барысында пара ұсынуына, беруіне немесе алуына жол берілмейді. Пара тек ақшалай төлемді ғана емес, сонымен қатар сыйлықтар, несие беру, алымдарды төлеу, сыйақыларды төлеу немесе біреуді жосықсыз, заңсыз немесе сенімге қиянат жасауға итермелеуге арналған кез келген басқа артықшылықтары, оның ішінде Сатушы үшін мәмілені орынсыз ұтып алу немесе бизнеске және үкімет шешіміне ықпал етуге ұмтылу түрінде болуы мүмкін. Сатушы ақысын төлейтін шектен тыс ойын-сауық құру немесе қонақжайлық көрсету де пара ретінде жіктелуі мүмкін.

(В) Сатушы іскерлік қарым-қатынаста болатын агенттерге, кеңесшілерге, шетелдік мемлекеттік шенеуніктерге немесе басқа үшінші тұлғаларға (соның ішінде жеке және мемлекеттік) берілген артықшылықтар пара ретінде жіктелуі мүмкін. Осы себепті Сатушы немесе оның атынан (немесе Сатушының шаруашылық қызметі барысында) берілген барлық төлемдер мен артықшылықтардың заңды және негізделген екендігіне көз жеткізу керек. Сатушының атынан ұсынылған немесе ұсынылған кез-келген ойын-сауық немесе қонақжайлылық тиісті аумақтағы әдеттегі іскерлік тәжірибеге сәйкес келуі, бағасы қалыпты болуы және Сатушымен бизнесті жүзеге асырғаны үшін ынталандыру ретінде түсіндірілмеуі керек. Барлық сатушыларға, жеткізушілерге, кеңесшілерге, серіктестерге, агенттерге немесе делдалдарға Сатушының атынан басқа адамдардың әрекеттеріне әсер ету үшін заңсыз немесе орынсыз құралдарды пайдалануға қатаң тыйым салынады.

(С) Сатушы өзінің сатушылары мен жеткізушілері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың таралуына ықпал етуді өзінің міндеті деп санайды, сондықтан Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат сатушының мүдделерін білдіретін үшінші тұлғаларға да қолданылады. Сатушының мүддесі үшін немесе оның атынан бизнес жүргізетін әрбір адам Сатушының сыбайлас жемқорлыққа қарсы талаптарының үшінші тұлғаларға хабарлануын және сақталуын қамтамасыз етуге жауапты болады.

(D) Сатушы жергілікті немесе шетелдік мемлекеттік лауазымды тұлғаларға (оның ішінде мемлекеттік немесе мемлекет бақылайтын коммерциялық кәсіпорындардың қызметкерлеріне), саяси партияларға немесе саяси кандидаттарға Сатушы үшін мәміле алу немесе Сатушының қызметіне байланысты шешімдерге ықпал ету мақсатында олардың лауазымдық іс-әрекеттеріне ықпал ету үшін ақша немесе қандай да бір өзге де құндылықтарды беруге мұндай төлемдерге тиісті елдің заңнамасы тікелей рұқсат беретін жағдайдан басқа кезде тыйым салады. Мұндай адамдарға агенттер немесе іскери серіктестер арқылы төлем жасауға бірдей тыйым салынады.

(Е) Осылайша коммерциялық үшінші тұлғаларға пара беруге тыйым салу сияқты, мемлекеттік шенеуніктерге ақшалай емес артықшылықтар беруге тыйым салынады. Мұндай тыйым салынған жүріс-тұрыстың мысалы ретінде мемлекеттік лауазымды адамның отбасы мүшесіне тиесілі жергілікті кәсіпорынды тарту, мемлекеттік лауазымды адамның отбасы мүшелеріне білім беру стипендияларын беру немесе мемлекеттік лауазымды тұлғаға нарыққа қарағанда жақсы шарттарда несие беру болады. Барлық сатушылар, жеткізушілер, кеңесшілер, серіктестер, агенттер мен делдалдар мемлекеттік шенеуніктер үшін кез-келген ойын-сауықтың, кез-келген төлемнің немесе сапардың құнын өтеудің немесе онымен байланысты шығындардың немесе сатушының атынан немесе оның бизнесіне байланысты осындай адамдарға жасалған кез-келген сыйлықтардың орындылығын мұқият қарастыруы керек.

10.2 Сатып алушы өзінің барлық қызметкерлерін, сондай-ақ (егер қажет болса) агенттер мен мердігерлердің [1.1] тармағында көрсетілген Сатушының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын, Сатып алушы Сатушымен немесе оның атынан бизнес жүргізген кезде немесе онымен қандай да бір түрде байланысты болған кезде әрқашан және толық көлемде сақтайтындығын және орындайтындығын мойындайды және растайды.

10.3 Сатып алушы кез келген сыбайлас жемқорлық істеріне немесе паракорлыққа (оның ішінде 1997 жылғы 21 қарашадағы Халықаралық іскерлік операцияларды жүргізу кезінде шет мемлекеттердің лауазымды тұлғаларына пара беруге қарсы күрес жөніндегі Экономикалық

ынтымақтастық және даму ұйымының Конвенциясында айқындалғандай «шетелдік лауазымды адамға пара беру») қатыспауға міндеттенеді және осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау барысында адал әрекет етуге міндеттенеді.

10.4 Сатып алушы Сатушыға осы [1] - бапты Сатып алушының кез келген бұзуы орын алғанын болжайтын немесе растайтын кез келген фактілер, материалдар немесе мән-жайлар туралы дереу хабарлауға міндетті.

10.5 Кейде Сатушы «Контрагенттің сәйкестік хатын» немесе ұқсас құжатты шығарады, бұл Сатып алушыдан оның осы құжатқа толық сәйкес келетіндігін растауды талап етеді. Сатып алушының «Контрагенттің сәйкестік хатына» немесе басқа ұқсас құжатқа жауап бере алмауы Сатушының бастамасы бойынша осы Шартты дереу тоқтатуға негіз болады. Сатып алушы «Контрагенттің сәйкестік хатына» талап етілген кезде дереу жауап беретінін мойындайды және растайды.

10.6 Сатушы анда-санда осы Шартқа сәйкес Сатушыдан сатып алынған Тауарларға қатысты Сатып алушы жасаған немесе сақтаған құжаттық жазбаларға тексеру жүргізуді қалауы мүмкін. Сатып алушы талап етілген кезде құжаттық тексеруге қатысты осындай сұрау салу бойынша жедел ынтымақтасатынын мойындайды және растайды.

10.7 Сатып алушы Сатушыға ұсынылған оның меншік құрылымына қатысты барлық ақпарат толық және дәл екенін растайды.

11. ХАБАРЛАМАЛАР

11.1. Осы Шарт бойынша берілуі тиіс кез келген хабарлама немесе басқа да хабарлар орыс немесе қазақ тілінде/тілдерінде жазбаша нысанда жіберілуі және оған жіберуші Тарап қол қоюы тиіс. Хабарлама хаттар немесе өзге де хабарламалар Шарттың 12-бөлімінде көрсетілген тиісті Тараптың мекенжайына және назарына жеке жеткізу немесе тапсырысты пошта хат-хабары арқылы немесе электрондық пошта (e-mail) арқылы табыс етілуі тиіс.

11.2. Кез келген хабарлама хаттар немесе басқа да хабарламалар тапсырылды деп есептеледі:

- а) егер ол жеке жеткізілген болса-тапсыру сәтінде;
- б) оны тапсырыстық хат-хабармен жіберген жағдайда-тиісті мекенжайға жеткізу сәтінде;
- в) электрондық пошта (e-mail) арқылы хабарлама алған жағдайда - жеткізу туралы хабарламамен расталатын алу сәтінде.

11.3. Кез келген деректемелер өзгерген кезде әрбір Тарап бұл туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге міндетті, олай болмаған жағдайда деректемелердің өзгеруі туралы уақтылы хабарламамен байланысты барлық залалдар кінәлі Тарапқа жатқызылатын болады.

12. ШАРТҚА ҚОЛ ҚОЮ ТӘРТІБІ

12.1. Осы Шарт мынадай тәсілдердің бірімен жасалады:

(1) Қазақстан Республикасының Ұлттық куәландырушы орталығы берген заңды тұлғалардың электрондық цифрлық қолтаңбасының (бұдан әрі – ҚР ҰКО ЭЦҚ) көмегімен Тараптардың уәкілетті өкілдерінің шартқа қол қоюы арқылы;

(2) Тараптардың уәкілетті өкілдерінің шартқа қағаз тасымалдағышта қол қоюы арқылы.

12.2. ҚР ҰКО ЭЦҚ көмегімен шартқа қол қойылған жағдайда келесі тәртіп қолданылады:

Сатып алушы ҚР ҰКО ЭЦҚ көмегімен шарттарға қол қоюдың ақпараттық жүйесі арқылы Шартқа қол қояды және оны ___ күн ішінде Сатушының электрондық мекенжайына жібереді. Сатып алушының шартқа қол қою және жіберу фактісі бойынша Сатушыға шартқа белсенді URL - сілтемесі бар хабарлама келіп түседі. Сатушы Шартқа ҚР ҰКО ЭЦҚ көмегімен қол қояды.

12.3. Шартқа қағаз жеткізгіште қол қойылған жағдайда мынадай тәртіп қолданылады:

Сатып алушы Сатушыдан электрондық түрде алынған шартқа қол қояды және Сатушы шартының осындай данасына қол қою мақсатында өз тарапынан қол қойылған шартты PDF форматында сканерленген түрде сатушының электрондық мекенжайына жібереді; Сатып алушыда мөр болған кезде мұндай Шарт та мөрмен бекітіледі. Бұл ретте Сатып алушы шарттың сканерленген данасын Сатушыдан оны алған күннен бастап 5 күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде электрондық пошта арқылы Сатушыға жіберуге міндетті. Бұл талап бұзылған жағдайда Сатушы Сатып алушымен Шарт жасамауға құқылы.

12.4. Сатушы Шарттың сканерленген данасына қол қойған күні шарт жасалған болып саналады. Шарттың 12.3-тармағында белгіленген тәртіппен шарт жасалғаннан кейін Шарттың түпнұсқа даналарына Сатып алушы қол қояды және осындай даналарға қол қою үшін Сатушыға тапсырысты пошта хат-хабарымен жіберіледі. Алайда, келіспеушіліктерді болдырмау үшін Тараптардың

Шарттың түпнұсқа даналарына нақты қол қойған уақытына қарамастан, Сатушы Шарттың сканерленген данасына қол қойған күннен бастап Шарт жасалған болып табылады.

12.5. Сатып алушының қол қою мерзімі туралы талапты бұзуына байланысты Сатушының шарт жасасудан бас тартуының қолайсыз салдарларының тәуекелдері тек Сатып алушыға жүктеледі, осыған байланысты Сатушыда Сатып алушы алдында ешқандай міндеттер туындамайды, ал Сатып алушы өз кезегінде Сатушыға талап қою құқығына ие болмайды.

13. БАСҚА ШАРТТАР

13.1. Қолданылатын Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнаманың (бұдан әрі – Дербес деректерді қорғау туралы заңнама) анықтамасына сәйкес тараптар беретін кез келген дербес деректер (бұдан әрі – Дербес деректер) құпия ақпарат болып есептеледі. Дербес деректерді жинау және өңдеу кезінде Тараптар Дербес деректерді қорғау туралы заңнаманың және осы Шарттың талаптарын қатаң сақтауға міндеттенеді. Дербес деректерді ұсынатын Тарап осы Шарт бойынша дербес деректерді берудің оларды жинау кезінде субъектіге мәлімделген жинау және өңдеу мақсаттарына сәйкестігіне, сондай-ақ, егер Дербес деректерді қорғау туралы заңнама бойынша талап етілсе, Дербес деректер субъектісінің оларды екінші Тараптың жинауына және өңдеуіне жол беретін расталатын келісімінің болуына кепілдік береді.

13.2. Сатып алушы Дербес деректерді тек осы Шартты жасасу және орындау мақсатында, сондай-ақ Дербес деректерді қорғау туралы заңнамада көзделген жағдайларда ғана өңдеуге құқылы. Сатушының талабы бойынша Сатып алушы Дербес деректерді қорғау туралы заңнамаға сәйкес Сатушы сақтауы тиіс қорғау деңгейін қамтамасыз ете отырып, Дербес деректерді өңдеуге міндеттенеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

САТЫП АЛУШЫ

САТУШЫ

Заңды және пошталық мекенжайы:

Заңды және пошталық мекенжайы:

БСН: _____

БСН: _____

Төлем деректемелері: _____

Төлем деректемелері: _____

SWIFT _____

SWIFT _____

БСК _____

БСК _____

ЖСН _____

ЖСН _____

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік

ҚҚС бойынша есепке қою туралы куәлік

E-mail: _____

E-mail: _____

Байланыс телефоны: _____

Байланыс телефоны: _____

_____ Т.А.Ә.

_____ Т.А.Ә.

_____ және
_____ арасында « _____ »
_____ 20 ____ ж. жасалған № _____ шартқа
№ 1 Спецификация

_____ қ.

« _____ » _____ 20 ____ ж.

Тауар:

Тауардың атауы	SAP жүйесіндегі материал №	Өлшем бірлігі	Саны	ҚҚС-сыз бағасы, теңге	ҚҚС-сыз сомасы, теңге
ЖИЫНЫ					

Тауардың жалпы сомасы: _____ ҚҚС-сыз.
Өлшемелі тауардың Тауардың жалпы салмағынан рұқсат етілген ауытқуы +/- 5%.

САТЫП АЛУШЫ

САТУШЫ

_____ Т.А.Ә.

_____ Т.А.Ә.